

Халел Ағнурдың 6D011900 – «Шетел тілі: екі шетел тілі» мамандығы бойынша PhD философия докторы ғылыми дәрежесін алуға «Болашақ дипломаттардың шеттілдік мәдениетаралық коммуникативтік дискурсын қалыптастырудың ғылыми-әдістемелік негіздері» тақырыбындағы диссертациялық жұмысына

ҒЫЛЫМИ ЖЕТЕКШІНІҚ ПІКІРІ

Заманауи жаһанданған қоғамда халықаралық сарапшылардың кәсіби дискурсының қалыптасуы, құрделі мәселелерінің бірі болып отыр. Қазақстан мен шет елдердің ортақ ғылыми және білім беру кеңістігін құрайтын интеграциялық процестер әлемнің басқа елдеріндегі әріптестерімен іскерлік, мәдениетаралық және құнделікті қарым-қатынасқа қатысуға қабілетті әртараптандырылған мамандарға қажеттілікті тудырады.

Ізденушінің зерттеу жұмысында белгіленген міндеттер қорғауға шыгарылатын ережелермен ұштастырылады. Бөлімдердің бірлігі, ғылыми негіздеменің нақтылығы және мақсаты, міндеттерді шешумен анықталады.

Шеттілдік білім беру үрдісінде болашақ мамандардың дипломатиялық қарым-қатынас дискурсын менгеруі және мәдениетаралық коммуникативті тұлғаны қалыптастыру, ғылыми-дидактикалық тұрғыдан қарастыру зерттеудің маңыздылығымен айқындалады.

Ізденуші диссертация барысында бірнеше нәтижелерге қол жеткізген:

1. Болашақ дипломаттардың шеттілдік мәдениетаралық коммуникативтік дискурсын қалыптастыруды шеттілдік білім берудегі мәні, ғылыми-теориялық тұрғыдан анықталған;

2. Болашақ дипломаттардың шеттілдік мәдениетаралық коммуникативтік дискурсын қалыптастырудың үлгісі дайындалған;

3. Болашақ дипломаттардың шеттілдік мәдениетаралық коммуникативтік дискурсын қалыптастыруды тапсырмалар жиынтығы жүйеленіп, тәжірибелі-эксперимент арқылы үлгінің тиімділігі дәлелденген және зерттеу жұмысының болжамы расталған.

Диссертациялық жұмыстың негізгі тұжырымдамалары, қорытындылары мен түйіндері дәйекті түрде сипатталып, заманауи шеттілдік білім беру ғылыминың өзекті мәселесі бойынша өрбітілген. Ізденушінің диссертациясында тұжырымдалған әрбір нәтижесі, тұжырымдамасы мен қорытындылары ғылыми тұрғыдан негізделген және зерттеудің шынайылық дәрежесі оның нәтижелері жүйелі түрде ұсынылған.

Ізденушінің ғылыми нәтижелері мен қорытындыларының негізділігі мен нақтылығы:

- қазақстандық және шетелдік зерттеушілердің ғылыми еңбектерінің зерттелуімен;

- шеттілдік білім беру процесінің нормативтік құжаттарымен;

- диссертация жарияланымдарымен;

- тәжірибелі-эксперимент нәтижелерінің енгізуімен расталады.

Зерттеу нәтижелері Scopus, KF БФСБК журналдарында және отандық, халықаралық ғылыми-практикалық конференциялар мен семинарларда баяндалған.

Диссертациялық зерттеу - ішкі бірлікке ие, логикалық аяқталған ғылыми еңбек. Зерттеудің мақсаты мен міндеттері диссертациялық жұмыста жүйелі түрде шешімін тапқан.

Ғылыми нәтижелерді ізденушінің шеттілдік білім беру үдерісінде болашақ дипломаттардың шеттілдік мәдениетаралық коммуникативтік дискурсын тиімді қалыптастырудың үлесі ретінде сипаттауға болады. Ізденушінің диссертациялық жұмысы қойылған талаптарға сәйкес келеді, дербес аяқталған зерттеу жұмысы болып табылады.

Ізденуші А. Халелдің «Болашақ дипломаттардың шеттілдік мәдениетаралық коммуникативтік дискурсын қалыптастырудың ғылыми-әдістемелік негіздері » тақырыбында орындалған докторлық диссертациясын қорғауға ұсынуға болады және Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі Білім және ғылым саласындағы бақылау Комитетінің «Ғылыми дәрежелер беру ережелерінің » талаптарына сәйкес келеді. Ізденуші Агнур Халелге 6D011900 - Шетел тілі: екі шетел тілі мамандығы бойынша (PhD) философия докторы ғылыми дәрежесін беруге лайық деп қорытынды жасауға болады.

Педагогика ғылымдарының
докторы, профессор

А.А. Жайтапова

